

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ КЕЛЕС АУДАНЫ АДАМИ ӨЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ
«№ 39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Тақырыбы:

«АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ»
ТОПТЫҚ СҰРАҚ – ЖАУАП САЙЫСЫ

Кітапханашылар: Сейдуалиева. Г

Асанова. Ж

**Қырымы: «АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕН, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ»
ТОПТЫҚ СҰРАҚ – ЖАУАП САЙЫСЫ**

Күні: 25.01.2022ж.

Откізілетін жері: мектеп кітапханасы

Қатысушылар: Ш-13, Ш-15, И-17 топтары

Жауаптылар: кітапханашылар: Сейдуалиева. Г., Асанова. Ж.

өзін-өзі тану пәнінің оқытушылары:Оспанова.Г.,Орынбаева .С.

Максаты: 1 Абайдың өмірі мен шығармашылығын келер ұрпаққа қалдырған өсиетін білім алушылардың ой санасына сіңіру.

2. Абай өлеңдерінен, қара сөздерінен нәр жинап, рухани-адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеу.

3. Кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Көрнекі құралдар: интерактивті тақта, нақыл сөздер, акынның кітаптары, суреті, кітап көрмесі.

Ойын шарты: Сайысымызда студенттер үш топқа бөлінген, әрбір топ сайысымызда алты кезеңнен тұратын ойын шартына қатысады, әр жауабы 1ден 5 ұпайға дейін бағаланады.

1 жүргізуші: Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан акын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы мен шығармашылығына арналған "Асыл сөзді іздесен, абайды оқы, ерінбе" - атты топтық сұрақ – жауап сайысына қош келдіңіздер!

Кітапханашы:Сейдуфлиева.Г «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» -деп Абай Құнанбаев атамыз, халықты өнер - білімге шақырып, мыңмен жалғыз алысып, надандықпен күрескені баршамызға аян. Егер біз Абай тәлімін оқып, түсініп сол жолмен жүрер болсақ, акын өзі айтқандай, дүниенің бір кірпіші болып қаланымыз анық.

2 жүргізуші: Сонымен Абай атаның нақыл сөздерін, өлең - жырларын ұрпақтары қалай оқып, меңгеріп жатқанын өздеріңізбен бірге тыңдайық. Ендеше, 1 курс білім алушылар арасында өтетін: «*Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы, ерінбе*» атты сайысымызды бастаймыз.

1 жүргізуші: Сайыс болар жерде, төрешілер бар демекші, бүгінгі сайысқа төрелік етер әділқазылармен таныстырып өтейік:

1. Оспанова.Г.,Орынбаева .С. - өзін-өзі тану пәнінің оқытушысы

2.Сейдуалиева Гулжахан Усенбековна – кітапхана менгерушісі

3.Абазова Жайна-бастауыш пән мұғалімі

4. Майлашова. Динара - ұйымдастырушы-педагог

1-жүргізуші: «Ұлы Абайды білмеген қазақ- қазақ емес»- демекші, бүгін білім кжисегінде додаға түсіп, байгеге шабар топтар:

2-жүргізуші: Топтарға берілген Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты үй тапсырмасы:

1. Топтың атын қою / сайысқа қатысатын топ мүшелері саны-5 адам болуы тиіс/;
2. Топтың ұстанымы / Абайдың нақыл сөздерін таңдау/
3. Көрермен ретінде әр топтан-10 білімалушыдан қатысады.

Негізгі бөлім.

Сайыс шарттары:

1 жүргізуші: Сайысымызда шқушылар үш топқа бөлінген, әрбір топ сайысымызда 6 кезеңнен тұратын ойын шартына қатысады, әр жауабы 1ден 5 ұпайға дейін бағаланады.

2-жүргізуші:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы- деп жырлай отырып жазған абай атамыздың жүреке жылы әндерін тыңдайық.

«**Өлең сөздің патшасы сөз сарасы**» атты 1 кезеңде, әр командадан топ басшысы, команданы таныстырып және екінші адам шығып, Абай атамыздың өлеңін көркемдеп жатқа оқиды.

1-жүргізуші:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.- деп Абай атамыз бізге үлгі бола білді.

Онда, «**Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін**»- деп аталар 2 кезеңімізді бастаймыз.

Бұл кезеңде А. Құнанбайұлына арнау, немесе эссе (Арнау өз шығармасынан туындауы тиіс 1 немесе 2 арнау).

2- жүргізуші: Келесі 3-кезеңде біз Абай Құнанбаевтың «**ҚАРА СӨЗІНЕ**» арнаймыз. Абайдың қарасөздері адамды адам болуға, ізгі ниетті адамгершілік қасиеттерінің мол болуына, жаман дағдыларын аулақ болуға үйретеді. Олай болса, Абай қарасөздерін тыңдайық

1- жүргізуші: «Білімді мыңды жығар, білімсіз бірді жығар»- демекші білімділер сайысына көшелік. Келесі 4-кезеңде әр топтан бір-бір адамнан шығып тақтаға ілінген конверттің ішіндегі сұрақтарды таңдап алып, топпен дайындалып, жауабын айтады. 1 суракка 1 мин. уақыт беріледі. (3-4 конверт таңдап алу)

1. Абай неше ағайынды болған? / **Жеті**
2. Абай Ахмет – Риза медресесінде қай жылдары оқиды? /**1855-1858**
3. Абай өлеңдерінің жүйелі, ақындық үлгіде жазылуы нешінші жылдан басталады? /**1882**

Ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі нешінші жылы жазылған? /1885

5. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ақын қандай мәселе көтереді?
/Достық мәселесі
6. ... Ақындары ақылсыз, надан келіп, көр – жерді өлең қыпты, жоқтан қармап, - деген өлең жолдары қай өлеңнен алынған? /«Өлең сөздің патшасы»
7. Ақын «Евгений Онегин» «үзінділер күйінде» неше өлең шығарды? /сегіз
8. Ақын М.Ю. Лермонтовтан қанша шығарма аударған? /27
9. ... Көңілге түрлі ой салар, әнді сүйсең менше сүй! – деген өлең жолдары қай өлеңнен алынған? /«Құлақтан кіріп бойды алар»
10. Абай Крыловтың мысалдарын аударумен қай кезде шұғылданған? / 90 – жылдардың аяғы
11. «Абай – қазақтың бас ақыны» дегенді кім айтқан? /А. Байтұрсынов
12. Абайдың немере інісі кім? /Шәкәрім
13. Абай Құнанбаевтың туған жері?
/Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстау бауырындағы Қасқабұлақта
14. Құнанбай Абайды неше жасында Семейге оқуға жіберді? /10 жасында
15. Медреседе діни уағыздармен шектеліп қалмай, қандай тілдерді игерді?
/ Араб, парсы, түркі
16. Құнанбай Абайды оқудан шығарып, ел билеу ісіне баулығанда неше жаста еді?
/13жаста
17. 1882 жылы жазылған Абайдың ақындығын өзіне де, өзгелерге де мойындатқан шын мәніндегі көркем туындыларын көрсетіңіз.
/«Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Бородино»
18. Абай өлеңдерін кімнің атынан таратып жүрді? /Көкпай
19. Мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналған тұңғыш шығармасын белгілеңіз. /«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
20. Қай өлеңнен? /«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»
*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.*
21. Қай өлеңнен? /«Жазғытұры»
*Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.*
22. Ақын ел билеушілерінің типтік бейнесін қай өлеңдерінде бейнелеген?
/«Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың»
23. Қай шығармадан? /«Сегіз аяқ»
*Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.*
24. Ойшыл адамның өмірде көргені мен басынан кешкен шерлі сырын танытатын шығарманы атаңыз./«Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?»
25. Абайдың қай поэмасының уақиғасы «Мың бір түн» ертегісінен алынған?
/«Әзім әңгімесі»

- Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі қолбасшының өмірі жайлы аңыздар негізінде жазылған поэмасын көрсетіңіз. /«Ескендір»
27. Абай: «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», - деп нешінші қара сөзінде жазды? /Он сегізінші сөзінде
28. «Қазақтың классикалық әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деген сөздің иесі кім? /М. Әуезов
29. Қай қара сөзінен?
«Жас бала анадан туғанда 2 түрлі мінезбен туады». /Жетінші
30. Халық арасына ән болып тараған аудармалары?
/«Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты»
31. «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Одан асқан бұрын - соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген сөздің авторы кім?
/А. Байтұрсынұлы
32. «Орынсызды айтпаған», «Арғы атасы қажы еді», «Тұла бойың ұят, ар едің» өлеңдерін кімге арнады? /Әбдірахманға
33. Қай өлеңнен? /«Интернатта оқып жүр»
*Ойында жоқ бірінің,
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой.*
34. Лермонтовтан аударған өлеңін табыңыз. /«Жалау»
а) «Евгений Онегин»;
в) «Шегіртке мен құмырска»;
с) «Піл мен қанден»;
д) «Жалау»
е) «Бақа мен өгіз».
35. Пара беріп, билікке қолы жеткен екі жүзді жемқор болыстың бейнесін «улы сия, ащы тілмен» өлтіре сықақ еткен өлеңін табыңыз.
/«Болыс болдым, мінеки»
36. Абайдың өзі шығарған өлең - әндерінің саны қанша? /20 шақты
37. Қай өлеңнен? /«Сегіз аяқ»
*Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.*
38. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының неше тіліне аударылды? /116 тілге
39. «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы - Абайдан», - деп кім айтты? /Мұхтар
40. Абай: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзіме алайын», - деп кімге айтты? /Көкпай
41. Қай өлеңнен? /«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы»
*Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.*

Абай: «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамай тұғыны да бар», - деп нешінші кара сөзінде жазды? /Жнырма тоғызыншы

43. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты?/

1909 ж. Петербург

44. Абайдың неше күйі бар? /Үш

45. Абайдың халық арасына сіңіп кеткен мақалын белгілеңіз.

/«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей

46. Қай өлеңнен? /«Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа»

Әннің де естісі бар, есері бар,

Тыңдаушының құлағын кесері бар.

Ақылдың сөзіндей ойлы күйді

Тыңдағанда көңілдің өсері бар.

2-жүргізуші: «Күшіңе сенбе, ісіңе сен»- демекші **5- кезеңде «СӨЗЖҰМБАҚ»** шешіп, топтық жұмыс жүргіземіз. Сөзжұмбақта Абай атамызға қатысты 50 ге жуық сөздер жасырынған. Сол сөздерді тез және көп тапқан топқа ұпай қосылады. (Бір сөзге бір ұпай)

СӨЗЖҰМБАҚТЫ ШЕШІҢІЗ

Сөзжұмбақта Абай атамызға қатысты 50-ге жуық сөздер жасырынған

Ә	Т	Е	Г	А	Ж	А	З	А	М	А	Н	Р	К
Б	О	Л	Ы	С	И	П	У	К	Ү	З	В	С	Ө
К	М	А	В	Ы	Д	Ү	Н	И	Е	Е	С	Е	К
Е	А	Т	Қ	Л	Е	Ш	Ә	К	Ә	Р	І	М	Б
С	Ғ	А	Ұ	А	Б	А	Й	Ә	Л	Е	М	Е	А
К	А	Қ	Н	Л	А	Н	Т	Я	И	Р	А	И	Й
Е	У	М	А	А	Й	Ы	Ы	С	Х	Т	С	М	Г
Н	И	Ұ	Н	Л	Ә	Қ	А	Е	А	І	Ғ	У	Е
Д	Я	Х	Б	А	П	А	Қ	Г	Н	С	Ұ	Ұ	Р
І	Ә	Т	А	Ш	Ф	Р	Ш	І	В	О	Т	Л	І
Р	Қ	А	Й	Ы	М	А	О	З	К	Д	У	Ж	І
С	Ы	Р	Т	Қ	А	С	Қ	А	Б	Ұ	Л	А	Қ
О	С	П	А	Н	Ш	Ө	Ы	Я	Ы	Г	Ә	Н	І
Т	О	Ғ	Ж	А	Н	З	Ә	Қ	А	Н	Ж	А	Р

1- жүргізуші:

6- кезең «Білімдіден шыққан сөз - талаптыға болсын кез»- дей келе соңғы сайысымызға да жеттік. «**Талаптыға нұр жауады**» атты сайыста капитандардың тапқырлығын көрелік. Қызыл сандықтың ішіндегі сұрақтарды алып, дайындалмай жауабын айту керек.

Өлеңнің жалғасын тап

1. Көзімнің қарасы,

Көңілімнің санасы...

Бітпейді іштегі

Ғашықтық жарасы / «Көзімнің қарасы»

2. Қаранғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап...

Даланы жым-жырт, дел-сал қып,

Түн басады салбырап. / «Қараңғы түнде тау қалғып»

3. Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп,...

Ауылдың жаны - терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп. / «Желсіз түнде жарық ай...»

4. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жариялап отырды? /Көкбай

5. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім? /Әлихан Бөкейханов, 1903

жылы Петербургта жазған

6. Абайдың шын аты кім? /Ибраһим

7. Абайдың қанша күйі бар? Аттарын ата. /Үш күйі бар: «Токжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі»

8. Абайдың аяқталмаған поэмасы. /«Әзім әңгімесі»

9. Абай Лермонтовтан қанша шығарма аударған? /Жиырма жеті шығарма аударған

10. Абайдың әжесінің және шешесінің аттарын ата. /Зере, Ұлжан.

11. Ділдәден туған балалары. /Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия

12. «Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев» деп атаған кім?

/Ахмет Байтұрсынов

13. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата. /Абайдың екінші әйелі, шын аты Шүкіман

14. Абай өлеңдер жинағы қайжылы басылып шықты және қай қалада? /1909 жылы Петербургта

15. «Абай жолы» романын кім жазды? /Мұхтар Әуезов

16. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды? /Алматы қаласында, мүсінші- Наурызбай Х

17. Абай кімге ғашық болды? /Токжанға

18. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындындығы болды?

/Абайдың ағасының баласы

19. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңі қай жылы жарық көрді? /1889ж.

20. Абай алғаш орыс ақындарынан кімді оқыды? /Пушкин

21. Қай поэмада Аристотель бар? /Ескендір

22. Абай кімнің хаттарын аударды? /Онегин мен Татьяна

23. Абай «Бородино» өлеңін кімнен аударды? /Лермонтов

24. Абай қай жылы туған? /1845

25. «Абай» деген есімнің мағынасы не? /Мұқият, ұқыпты, зерек

26. Абайға екінші атты берген кім? /Анасы мен әжесі

27. Абайдың алғашқы махаббатының аты кім? /Әйгерім

28. «Көзімнің қарасы» өлеңін Абай кімге арнаған? /Әйгерімге

29. Абай қай жылы болыс болып сайланды? /1875

30. Абайдың поэзияға деген қызығушылығын оятқан кім? /Әжесі Зере

31. Абай ана тілінен басқа қандай тілдерді білген? /Араб, парсы
32. Абай неше жасында сықақ өлең жаза бастады? /14
33. Әйгерімнің шын аты кім? /Шүкімән
34. Әйгерімге жаңа ат берген кім? /Абай
35. Абай қай жылы дүниесін салды? /1904

2-жүргізуші: Осымен сайыскерлер, барлық кезеңдерді артта қалдырды, сайыс болғаннан кейін жеңімпаздар міндетті түрде болуы тиіс; Құрметті әділқазылар қорытынды шығарғанша биіңі қыздарымызды ортаға шақыралық.

1-жүргізуші: Абай Құнанбайұлының Абай желдірмесі атты күйін тыңдай отырып биді тамашалайық, қарсы алыңыздар! /Ш-34 тобының биіңілері/

2-жүргізуші: Жеңімпаздарды хабарлау үшін әділқазыларға сөз кезегін берейік.

Оқушылардың орындауында ән: «Желсіз түнде жарық ай».

1-жүргізуші: Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай дайындалған "Асыл сөзді іздесең, абайды оқы, ерінбе" - атты сұрақ – жауап сайысы аяқталды. тамашалағандарыңызға алғысымыз мол. Қатысушыларға үлкен рахмет!

Жүргізушілер хормен: Келесі кездескенше сау болыңыздар!

